

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 3 ақпандағы № 1/76 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2021 жылғы 8 ақпанда № 1685 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Арнайы комиссия туралы Ережені бекіту туралы" 2014 жылғы 17 ақпандағы № 1 /110 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1022 болып тіркелген, 2014 жылғы 8 наурызда "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған);

2) "Алматы қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 17 ақпандағы № 1/110 "Арнайы комиссия туралы Ережені бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2016 жылғы 11 наурыздағы № 1/86 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1270 болып тіркелген, 2016 жылғы 7 сәуірде "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған).

2. "Алматы қаласы Әлеуметік әл-ауқат басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, кейіннен мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауды және Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.С. Қиқымовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Б. Сагинтаев